

Қауымдық сервитутты белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 169 қаулысы . Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 маусымда № 7146 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 17, 69, 71 -1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Восход-Oriel" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, Хромтау ауданы Қызылсу ауылдық округінің аумағында орналасқан, жалпы алаңы 1332 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2025 жылдың 9 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитутты белгіленсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 17.07.2025 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер учаскесін пайдаланған кезде "Восход-Oriel" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтасын.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 17.07.2025 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. "Ақтөбе облысының Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Хромтау ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды Хромтау ауданы әкімінің орынбасары С.Жаконовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Хромтау ауданының әкімі

Н. Алдияров

